

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.473-474

«ЖАСЫЛ АЙМАҚ» РМК ОРМАНДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЗИЯНКЕСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕС ШАРАЛАРЫ

Қыпшақбай З., Боранбай Ж.Т.

Астана қаласының айналасын көгалдандырумен «Жасыл аймақ» РМК-сы елбасымыздың тапсырмасымен көп жылдардан бері айналысып келеді. Қазіргі таңда «Жасыл аймақ» РМК-ның аумағында 70 мың гектар жерге көшет отырғызылған. Негізгі көгалдандыру Шортанды, Аршалы бағыттары мен Целиноград аудандарында қарқынды түрде жүргізіліп жатыр. Көгалдандырылған жасыл алқаағаштардың жақсы өсуі және дамуы жағдайына жағымсыз әсер ететін жайттер көптеп кездеседі. Соның бірі жасыл алқаағаштардың зиянкестермен зақымдалу жағдайы. «Жасыл аймақ» РМК-ның жасыл алқаағаштарын патологиялық бақылау кезінде қайың, терек және көктерек, қарағаш алқаағаштарының зиянкестердің әсерінен қурап қалу жағдайлары кездескен. Жасыл алқаағаштардың жапырақтары мен діңдерін зақымдайтын зиянкестер жүздеген алқаптарға таралып отыр, сондықтан олардың негізгі таралу ошақтарын анықтап, қажетті орман қорғау шараларын жүзеге асыру қажет.

«Жасыл аймақ» РМК аумағында жыл сайы мамандармен жүргізілетін орман патологиялық зерттеу жұмыстарының тексеру нәтижесінде кезінде, зиянкестердің келесідей негізгі тобы анықталған: солтүстік қайың кесушілері (*Croetus septentrionalis* L) 263,3 га, сонымен қатар 171,6 га аумақта қоңыр жолақты жібек мұрткөбелегі 1,5 га терек және көктеректі жеушілер, 0,5 га галлалы жуанқабырғалы кесушілерді құраған.

Негізгі зиянкес түрі болып саналатын «Солтүстік қайың кесушілері» (*Croetus septentrionalis* L) әр түрлі пішінде болады, олар: көбелектер, аралағыштар, біз тұмсықтар, қоңыздар түрінде кездеседі. Белсенді кезеңдегі өмір сүруі көбінесе ашық ағаш бөрік басында өтеді. Соған байланысты энтомофагтарға, құстарға, паразитерге, ауруларға тез жем болады және климаттық факторларға төзімсіз. Дернәсіл күйінде қылқан және жапырақпен қоректеніп, ересек кезінде гүл шырынымен қоректенеді. Осыған байланысты жәндіктің дернәсіл күйінде азықтануы, азық сапасы, ағаш түрі де өте маңызды фактор. Олардың көбі қуыршақ күйінде қыстайды. Бұл зиянкестер көп ағаш түрін зақымдайды және оларда зиянкестердің осы түрінің көбейюіне қатты әсер етеді. Сондықтан бұл зиянкестердің алдын алу шараларын уақытында жүргізу және ошақтарын дер кезінде анықтау оларға күресу шараларын жүргізу үшін өте маңызды болып табылады [1, 2].

Қоңыр жолақты жібек мұрткөбелегі. Пяденица бурополсая – (лат) *Iusia hirtaria*.CL -

Қабыршақ қанаттылар жәндіктер класының бір отряды. Екі жұп қанаттары болады, олардың беттерін ұлпа қабыршақ басып жатады (отрядтың аты осыған байланысты қойылған). Бұл қабыршақтар көбелектің қанаттарын алуан түске құбылтып тұрады. Қабыршақтарының құрылысы, ондағы пигмент түсі әрбір түр, жүйеленімдік топта әр түрлі болады. Қанатының түсі арқылы күндіз ұшатын көбелектер өз түріне жататын көбелектерді ажыратады, сондай-ақ қанатының түсі мен оның бетіндегі өрнегінің қорғаныштық та маңызы бар. Қабыршаққанаттылардың нәсілі – жұлдыз құрт.

Қабыршаққанаттыларға ғана энтерекшелік – жұмыртқасының әртүрлі ішінді болуы. Бұл зиянкес көбінесе шегірін, қайың ағаштарының жапырақтарын зақымдайды. «Жасыл Аймақ» РМК-да қоңыр жолақты жібек мұрткөбелегі ұсақ жапырақты шегірін ағашына зиян келтірген.

Қазіргі уақытта орманды қорғау шараларының барлығын төмендегідей топтарға бөледі: 1) зиянкестер мен аурулардың пайда болуы мен таралуына бақылау жасау. 2) өсімдіктердің карантині. 3) күресудің орман шаруашылық әдісі. 4) күресудің биологиялық әдісі. 5) күресудің химиялық әдісі. 6) күресудің биофизикалық және механикалық әдісі. 7) күресудің интеграцияланған әдісі.

Дің зиянкестері мен аурулардың алдын алу үшін жүргізілетін шаралардың бірі санитарлық мақсатта іріктеп ағаш кесу орман қорғаныштық іс-шараларына жатады және ағаштардың ішінен өсу мерзімі аяқталған ағаштарды және орман аурулары мен зиянкестерімен бүлінгендерін тазарту жолымен сүректіңдерді сауықтыруға бағытталған және алдағы уақытта күтім жасау мақсатында ағаш кесудің қарапайым түрлерін жүргізу жоспарланбаған шұғыл араласуды талап ететін санитарлық жай-күйі кезінде тағайындалады.

Зиянкестер мен аурулардан күресу үшін пестицидтермен өңдейді. Алайда, мұндай емдеу қатаң жүргізілуі керек (дәрілік, мерзімдері, жиілік) барлық ережелерін сақтай отырып, жүзеге асырылуға тиіс. Инфекциясының ерте кезеңдерінде орман жоюға немесе елеулі зиянкестер ауқымын шектеуге тырысады, қарқынды және локализацияланған операциялар, бағытталған болады. Насихаттау кезеңде орман шаруашылығы қайта одан әрі таралуын болдырмауы немесе ағаштарды түр-құрамын өзгерту және өмір жағдайын жақсартуға бағытталады [3].

Зиянкестер(сонымен қатар ауруларда)жасанды орман екпелерінің даму фазасында ағаштарға қауіп төндіретіні белгілі, ағаштардың әлсіз жерлері жапырағы мен қабығы, яғни бөрікбасында зиянкестер мен аурулардың ошағы басталады. Осы мәселені шешу үшін оңтайлы шешім ретінде екпе ағаштарды әр түрлі ағаш түрлерімен және бұталармен араластырып отырғызу ұсынылады [4]. Аралас ормандарда зиянкестер ағаш діңдері мен жапырақтарын аз зақымдайды, яғни таза ормандармен салыстырып қарағанда бір ағаштан екінші ағашқа таралу мүмкіндігі шектеледі [5].

Әдебиеттер тізімі

1. Elsevier: Joel D. McMillin, GuoHengxiao, Michael R. Wagner, Xiaosuon Long // Spatial distribution patterns of pine sawflies (Hymenoptera: Diprionidae) in Arizona, US and Sichuan, PR of China // [Forest Ecology and Management](#), Volume 86, Issues 1–3, 15 October 1996.-P. 151-161.
2. Elsevier: [Norman F. Johnson](#) // Hymenoptera // [Encyclopedia of Biodiversity \(Second Edition\)](#),.-2013, -P. 177–184
2. Kristen M. Waring., Kevin L. O’Hara, Silvicultural strategies in forest ecosystems affected by introduced pests // Silvicultural research in a changing world. Forest Ecology and Management. Volume 209, Issues 1–2, 18 April 2005. – P. 27–41.
3. Maxime Damien, Hervé Jactel, Céline Meredieu, Margot Régolini, Inge van Halder, Bastien Castagneyrol. Pest damage in mixed forests: Disentangling the effects of neighbor identity, host density and host apparency at different spatial scales // Forest Ecology and Management. Volume 378, 15 October 2016. –P. 103–110.
4. Cayuela Luis, Hernandez Rodolfo, Antonio Hodar Jose, Sanchez Gerardo, Zamora Regino. Tree damage and population density relationships for the pine processionary moth: Prospects for ecological research and pest management // Forest Ecology and Management. Volume 329, 15 september 2015. – P. 319 – 325.